

ӘОЖ 993930930.2

МҰХТАР МАҒАУИННИҢ «ҚОБЫЗ САРЫНЫ» ЕҢБЕГІН ТАРИХИ ТАЛДАУ

Баптаева Гүлжан Жұмаханқызы

b.a.p.t.a.e.v.a@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ тарих факультетінің 2 курс магистранты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – т.ғ.д., профессор Мусабалина Г.Т.

Мұхтар Мағауин заманауи жазушылар мен зерттеушілердің бірі. Ол ұлт тарихы мен әдебиетінде мәдени археолог іспетті. Мағауин қазақ әдебиеті мен мәдениетінде, XV ғасырды қазақ мемлекеттілігінің маңызды бастауы деп санаған кезеңдегі эпикалық шығармалар мен эпостарға арналған «Қобыз сарыны» (1969) атты тарихи-әдеби монографиясының авторы ретінде ерекше орын алады. Мағауин өзінің күрделі шығармашылығында, егжей-тегжейлі әңгімелері мен философиялық ойларында қазақ әдебиетінің тарихшысы ретінде тарихи ғылыми ұстаным мен әдістерді, архив материалдарын қолданады. Жазушы тарихи білімін өзінің тарихи роман жанрындағы әдеби мәтіндерінде қайта жаңғыртты. Осы екі түрлі рөлдердің қиылысында Мағауин архив идеясынан шабыт алады. Архив қаламгер үшін - шексіз мұхит секілді ақиқаттың, білімнің және шабыттың сиқырлы кеңістігіне айналады. Өзінің «Мен» (1996) атты өмірбаяндық романында Мағауин тарихшы мен жазушы ретінде екі мамандықты қоса алғанын мойындайды. Бірақ жазушылық қызметі басым болды. Сонымен қатар, кеңестік цензура мен ұлтшылдыққа қарсы күдіктің контексті оны тарих пен шығармашылықты икемді үйлестіруіне итермеледі.

1960-1970 жылдардың аяғында қазақ әдебиетінде архив ісі қазақ мемлекеттілігін айқындаудың танымал тәсілі болды; Илияс Есенберлин, Олжас Сүлейменов, Әнуар Әлімжанов, Әбіш Кекілбаев, сондай-ақ басқа да қазақ жазушылары түпнұсқа қолжазбаларын, ауызша эпостар мен аңыздарды мұқият жинақтап, өткенді баяндау процесіне белсенді қатысты. Архивтер романға енгізілетін нақты ақпарат көзі ретінде қызмет етті.

1960 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің тарих факультетінде жас ғылым кандидаты ретінде Мағауин, өзінің тарихи романдары мен ұлттық мәтіндеріне архивтік және тарихи деректерді енгізген ұстазы Есенберлиннің бағытын ұстанды. Ортағасырлық қазақ әдебиеті бойынша диссертация жазып жатқан Мағауин, тіпті, Есенберлинге «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы болған «Қаһар» (1969) романына архивтік зерттеулер жүргізуге көмектесті.

Докторлық диссертацияға негізделген Мұхтар Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1969) атты еңбегі XV ғасырдан XVIII ғасырға дейінгі көшпелілер поэзиясының шежіресіне арналады. Осындай сезімтал және ұлтшыл тақырыпта жарық көрген ұлт тарихы мен әдебиет саласындағы Мағауиннің зерттеуі мәдени өндірістің кеңестік жағдайындағы алғашқы әрекеті болды.

Мағауиннің «Қобыз сарынындағы» мақсаты тарихи қателіктерді анықтау және қазақ ауыз әдебиетінің шежіресін жаңадан жазу болды. Аталмыш еңбектің орыс басылымының алғы сөзінде Мағауин былай деп жазады: «К сожалению, до середины 1960-х годов не проводилось специального исследования драгоценного наследия, оставленного нам мастерами слова средневековья, создателями образцов высокого поэтического искусства. До того времени было широко распространено ошибочное мнение, что история казахской литературы начинается лишь с жившего в XVII веке Бухара-жырау...» [1].

Бұған дейін басқа ғалымдардың, соның ішінде сталиндік қуғын-сүргінге ұшыраған, еңбектерінің көпшілігі қол жетімсіз болған Шәкәрім Құдайбердіұлының әрекеттері жасалды. Мағауин өзінің естеліктерінде Шәкәрім шығармашылығының мұрағаттық қорлары туралы білгенімен, жариялылық науқаны қазақ тарихының көптеген тыйым салынған парақтарын ашқан қайта құруға дейін оларға қол жетпегенін жазады.

Осылайша «Қобыз сарынының» қорытындысында жазушы «туған әдебиетіміздің түп негізі көне дәуірге – түрік тайпалары әлі жеке-жеке халық боп жіктелмеген, ортақ мәдениет, ортақ мұра жасап жүрген кезеңге барып тіреледі. Ал туыста түрік руларының бір тобы қазақ деген атпен бөлініп, өз мемлекетін құруымен байланысты, XV ғасырдың орта шенінен бастап дербес, қазақ атымен аталатын әдебиет аренаға шығады» - деп уақытты нақты белгілейді [2].

Кітап үш бөлімнен тұрады - алғашқы екі бөлімде Қазтуған жырау мен Асан Қайғыдан басталған он екі қазақ жыраулары мен ақындары хронологиялық түрде сипатталады. Бұл тарихи тұлғалардың қазақ тарихын шынайы және нақты бейнелеудің нұсқауы ретінде екенін және әр дәуірді баяндауда түйінді мәнге айналғанын ескерген жөн. «Қобыз сарынының» әр тарауында белгілі бір жырау өлең шығарған уақыттық, әлеуметтік және саяси контекст қарастырылады. Поэтикалық және тарихи талдауда Мағауин бұл поэзияның географиялық және кеңістіктік шығу тегін де атап өтеді. «Қобыз сарыны» - ортағасырлық қазақ әдебиетінің хронологиясын ұсынуда алғашқы әрекет екенін ұмытпағанымыз жөн. Мағауин ежелгі өлеңдердің тек бір бөліктерін ғана көрсетсе де, оларды тарихи тұрғыдан талдап, өзінің әдеби және заманауи түсіндірмесін жасайды. Қазтуғанның өзіне арнаған жыры турасында жазушы: «Таза далалық поэзия! Бұл жолдар тек қазақ тілінде ғана сұлу, қазақ оқушысына ғана түсінікті. Мұздай ызғарлы ауыр сауыт киген батыр көтермелеу үшін өзін номадтың түсінігіндегі ең әулетті, ең құрметті деген заттарға балайды... Қазтуғанның жорықшы, жауынгер жырау болғандығы көрінеді. Сонымен бірге жыраудың эпосшы болғандығы да аңғарылады» - деп тамсанып талдайды [3].

Осы әдеби шежіренің басында Мағауин аты аңызға айналған тарихи тұлға, көшпенді философ Асан Қайғыға жүгінеді. Жазушы кеңестік архивтерден және бұған дейінгі Шоқан Уәлиханов жариялаған зерттеулерден алынған материалдарды мұқият жинап, олардың негізінде дана қарияның тіршілік еткен уақытын анықтауды сол дәуірдің тарихын талдаумен байланыстыра келе, тарихи Асанның өмір сүрген дәуірі - XV ғасырдың іші деп қорытындылайды. Кітап бойы автор өз рөлдерін тарихшыдан жазушыға алмастырып отыратыны байқалады, бірақ көбіне бұл екі рөл бірігіп жүреді. Түрлі рөлдер мен интерпретацияларды, сонымен бірге бұрынғы шығармаларды қиыстыруы, кеңес

жазушыларының мәдени туынды жасау үшін ғылыми, реалистік және әдеби шеберліктерін біріктіруге мәжбүр болған сол дәуірдің контекстімен байланысты болды. Мағауин үшін бұл комбинация сонымен бірге шынайы тарихи материалды қатаң цензурадан өтетіндей етіп баяндай алатын жазушы-тарихшының миссиясы ретінде болды.

«Қобыз сарынындағы» мұқият жинақталған әр ақынның тексттері Мағауиннің гипотезалары мен түсіндірмелерімен толықтырылады:

Салп-салпыншақ анау үш өзен

Салуалы менің ордам қонған жер.

Жабағылы жас тайлақ

Жардай атан болған жер.

Жатып қалған бір тоқты

Жайылып мың қой болған жер.

Жарлысы мен байы тең,

Жары менен сайы тең...

«Қазтуған поэзиясы – табиғат аясындағы көңілі таза сәби көшпендінің поэзиясы. Бұл поэзия номадтың санасының қаншалық дәрежеде болғандығын көрсетеді, оның өзін қоршаған, әлі адам қолы бүлдірмеген табиғат туралы түсінігінен елес береді, өмірге көзқарасын білдіреді» [4].

Мағауин мәдени және тарихи ұмыту мен жадында сақтау мәселелерімен айналысады. Оның автобиографиялық «Мен» романынан Мағауиннің, репрессияға ұшыраған көптеген жазушылар мен жыраулардың, оның ішінде Шәкәрім Құдайбердіұлының да революцияға дейінгі жазбаларына ие болған, өте білімді атасының тәрбиесін алғанын білеміз.

Мағауин Мәскеу мен Алматыдағы бірнеше мемлекеттік архивтердегі Шәкәрімнің түпнұсқа мәтіндеріне қол жеткізу үшін цензураның кедергілерінен өтуге бірнеше жылдарын сарп етті. Мағауиннің революцияға дейінгі шежірені қайта құруға, түпнұсқалық қазақ әдебиетін қайта жандандыруға деген ұмтылысында уақыт пен естелік шырмалады. Ақыр аяғында жазушы бұл мәтіндердің кейбірі ғасырлар бойы жазылмағанын, ауызша эпос түрінде сақталып, кейін XVIII-XIX ғасырларда анықталғанын жазады.

«Қобыздың сарынының» екінші бөлімінде Мағауин XVII ғасырдағы жазбаларды әңгімелеуге көшеді. Бұл қалыптасқан Қазақ хандығының көшпелі мемлекеттілігінің аясында дамыған эпикалық әдебиет үшін жаңа контекст: бірыңғай қазақ болмысымен және билеушісі - ханмен біріккен көшпелі тайпалардың одағы. Жоңғар соғысы мен оның салдары - қазақтың көшпелі мемлекеті мен мәдениетінің болуы не құлдырауы - бұл жазбаларға әсер етеді. Бұл бөлімде белгілі бір қазақ хандарының ең жақын кеңесшілері болған жыраулардың хандықтардың саяси өміріндегі рөлі мен саяси пікірталастары баяндалады. Мағауин осы атақты жыраулардың өмірі туралы, өздерінің толғау, жырларымен соғыс алаңындағы жауынгерлерді жігерлендірген немесе бұрыс шешім қабылдаған ханмен дауласқан өлең-жырларын жазған дәуір туралы әрбір тарихи пікірталастарға егжей-тегжейлі мұқият қарайды.

Кітабының үшінші бөлімінде Мағауин жырау мен ақынның тарихи рөлі туралы баяндайды. Бұл талдауда кітаптың алғашқы бөліктерінде сипатталған барлық жыраулар туралы айтылады. «Жырау өз руластарының ақылшысы, көсемі. Көпті көрген көне қалт айтпайды, сондықтан оның сөзі, берген кеңесі жерде қалмайды. Өз сөзінің құдіретін білген жырау жай ақылшы ретінде ғана емес, әмірші ретінде де сөйлейді» - деп топшылайды автор [5].

Өзінің сұхбаттарында, өмірбаяндық «Мен» романында Мағауин ежелгі эпостар мен өлеңдерді жинақтауға, болашақ ұрпақ үшін оның тарихын жүйелеуге, құруға деген құштарлығы туралы жазады. Алайда бұл ұмтылыс ресми цензуралық машина - мемлекеттік баспалар, жазушылар қауымдастығы, өзінің диссертациялық комитеті мен мемлекеттік университеті тарапынан үлкен қарсылыққа тап болды. Себебі Мағауиннің тарихи тақырыптағы еңбектері мен жинақтары партияның этикасына және қалыптасқан канонға сәйкес келмеді, жарық көру үшін тым ұлтшыл сипатта болды. Алайда, Мағауин үшін тарих

«Қобыз сарынымен» аяқталмайды. Бұл алғашқы кітабы оның жазушылық қызметінің бастамасы ғана болып саналады. «Әлденеше ғасырлық тарихы бар көне қазақ әдебиетінің толыққанды шежіресін жасап шығу – болашақтың ісі. Бірақ біз осы шағын еңбегімізде жұртшылық назарына ұсынған, әзірге қолда бар азды-көпті деректердің өзінен-ақ халқымыздың ақындық өнерінің тамыры тереңде жатқандығы, қазақ әдебиетінің тарихы ХVІІІ ғасырдан ғана басталады-мыс деген пікірдің жансақтығы айқын аңғарылса керек» - деп қорытындылайды қаламгер [6].

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. М.Мағауин. Кобыз и копые. Повествование о казахских акынах и жырау ХУ-ХУІІІ веков. Алматы, «Мектеп», 2007, 13 б.
2. Мағауин М. Қобыз сарыны. ХV- ХVІІІ ғасырларды жасаған қазақ ақын-жыраулары. Алматы, «Мектеп», 2007, 182 б.
3. Мағауин М. Қобыз сарыны. ХV- ХVІІІ ғасырларды жасаған қазақ ақын-жыраулары. Алматы, «Мектеп», 2007, 21 б.
4. Мағауин М. Қобыз сарыны. ХV- ХVІІІ ғасырларды жасаған қазақ ақын-жыраулары. Алматы, «Мектеп», 2007, 24 б.
5. Мағауин М. Қобыз сарыны. ХV- ХVІІІ ғасырларды жасаған қазақ ақын-жыраулары. Алматы, «Мектеп», 2007, 152 б.
6. Мағауин М. Қобыз сарыны. ХV- ХVІІІ ғасырларды жасаған қазақ ақын-жыраулары. Алматы, «Мектеп», 2007, 182 б.